

**«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ
БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ «БАЛДЫРҒАН» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ**

030900 Ойыл селосы Амангелді көшесі №4, Телефон 2-11-31

E-mail: baldyrgan@uil-raioo.edu.kz

Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмыс жоспары

2025-2026 оқу жылы

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
Қамқоршылық кеңесінің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс
жоспары

Бекітілді:

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
меңгерушісі  А.К.Бисебаева



№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	1.Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2024-2025 оқу жылында атқарған жұмыстары туралы есебі. 2.Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2025-2026оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы.	20 қыркүйек 2025жыл	Меңгеруші, қамқоршылық кеңестің төрайымы
2	1. 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының орындалуы. 2.Қамқоршылардың тұрмыс жағдайын зерттеу және бала құқықтарының орындалуын тексеру мақсатында рейд ұйымдастыру	28 қараша 2025жыл	Меңгеруші, қамқоршылық кеңестің төрайымы
3	1.Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау 2.Балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу.	16 қаңтар 2026жыл	Меңгеруші, қамқоршылық кеңестің төрайымы, мүшелері
4	1.Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен таныстыру 2.Жазғы сауықтыру мезгіліндегі іс-шараларды бірлесе өткізуді жоспарлау. 3.Қамқоршылық кеңестің атқарған жұмыстары жайлы есебі.	18 мамыр 2026жыл	Медбике, әдіскер, қамқоршылық кеңестің төрайымы

**«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-ның Қамқоршылық кеңес
отырысының
№ 1 Хаттамасы**

Өткізілген уақыты: 20.09.2025 жыл

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Балабақша меңгерушісінің 2024-2025 оқу жылында атқарған жұмыстары туралы есебі.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша: Балабақша меңгерушісі 2024-2025 оқу жылында атқарған жұмыстары туралы және бюджеттен бөлінген материалдық-техникалық база жөнінде есеп берді. Ол өз сөзінде, өткен оқу жылындағы тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің жеткен жетістіктеріне тоқталып өтті. Сонымен қатар, балабақшаның материалдық базасына білім бөлімінен берілген заттарды кесте түрінде көрсетіп, 2026 жылға арналған қаржылық жоспармен таныстырып өтті.

Екінші мәселе бойынша: Қамқоршылық кеңес хатшысы 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарымен және отырыс жоспарымен таныстырды. Кеңес мүшелері бірауыздан келісімдерін берді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе кеңес мүшелері келесідей шешім қабылдайды.

Шешім:

1. Балабақша директорының 2024-2025 оқу жылына атқарған жұмысының есебі «қанағаттанарлық» деп есептелінсін.
2. Қамқоршылық кеңес алдында меңгерушісінің есебі оқу жылы көлемінде кемінде екі рет берілсін.
3. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
4. Қамқоршылық кеңес 2025-2026 оқу жылына құрылған жұмыс жоспарының жүзеге асырылуын қадағалау мен бақылау кеңес мүшелері мен кеңес төрайымына жүктелсін.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы:

Хатшы:



Шаймакова.С.Н

Жолбаева.Г.Е

**«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-ның Қамқоршылық кеңес
отырысының
№ 2 Хаттамасы**

Өткізілген уақыты: 28.11.2025 жыл

Қатысқандар: 11

Күн тәртібінде:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының орындалуы
2. Қамқоршылардың тұрмыс жағдайын зерттеу және бала құқықтарының орындалуын тексеру мақсатында рейд ұйымдастыру

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша директоры А.Қ.Бисебаева балабақшаның 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына қойылған мақсат міндеттерімен таныстырып өтті. Басты мақсатымыз: Ұлттық құндылықтар негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғасы қалыптастыру мақсатында коммуникативтік, эстетикалық, адамгершілік, танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған білім, білік дағдыларын қалыптастыру. Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарын талқылап, өз ойларын білдірді. А.Қ.Бисебаева кеңес мүшелері жұмыс жоспарын талқылап, өз ойларын білдірді. А.Қ.Бисебаева жұмыс жоспарының мақсатымен келісімін, өзекті мәселелер қамтылып, балалардың жан-жақты дамуы үшін маңызды міндеттер қойылған деп өз пікірін білдірді.

Екінші мәселе бойынша: Балабақша директоры А.Қ.Бисебаева сөз алып, балабақшамыздағы жағдайы төмен отбасылардың ата-аналарымен, ата-анасының орынындағы жауапты тұлғалармен кездесіп, тұрмыс-тіршіліктерімен таныс болғандарын жеткізді. Және отбасы жағдайындағы құқықтарының сақталуы жайында сөз етті. Аудандық учаскілік полицей Кұбишеев.Т сөз алып: балабақша тізіміндегі отбасылардың тұрмысына қанық, ауырып жатқан ата-аналарының жағдайын толық білетінін мәлімдеді. Отбасылардағы балалардың құқықтарның қорғалуы туралы рейд үзбей жүргізіліп отыратынын айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Балабақшаның 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен танысып, іске асуларына көмек көрсету;
2. Қамқоршылардың тұрмыс жағдайын жіті бақылау, қаперден тыс қалдырмау, мәселелерді толыққанды шешуге көмектесу.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы:

Хатшы:

Шаймакова.С.Н

Жолбаева.Г.Е



«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-ның Қамқоршылық кеңес отырысының

№ 3 Хаттамасы

Өткізілген уақыты: 16.01.2026жыл

Қатысқандар: 10

Күн тәртібінде:

1.Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау

2.Балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу.

Тыңдалды:

1.Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша балабақша мейірбикесі Сағатова.Ж.С. сөз алды. Тамақтану баланың физиологиялық және психологиялық өсу үдерісінің қалпы, дұрыс өтуін дұрыс қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі.Тамақ сапасының төмендеуі балаға ағзаның қорғау- бейімдеу механизімінің деңгейінің төмендеуіне әкеліп соғады және аллергиялық әрекетінің өсуіне мүмкіндік туғызады, сондай-ақ асқорыту ағзасының ауыруына себепші болады.Сондықтанда біздің балабақшамыздың тамақтың сапасына ерекше көңіл бөлініп, балаларымызды 4 мезгіл тамақтандырып, көкөністермен, жемістермен жыл бойы тамақтандырамыз.

Балабақшамызда тамақт ұйымдастырудың негізі принциптері мыналар:

-Азық- түліктердің технологиялық және аспаздық дұрыс өңделуі, олардың тамақ құндылықтарының бастапқы қалпын сақтауға бағытталған, сондай-ақ тағам дәмінің жоғары сапасы;

Үйлесімді тамақтану тәртібі, айналадағы жағдай балалардың тамақтану мәдениетін дағдыландыруға себепші болады.балабақшаға келіп түсетін барлық азық- түліктер санитарлық ережеге сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық қорытындылары бар. Балабақшаның 10 күндік ас мәзірімен таныстырылды.

Екінші мәселе бойынша балабақша мейірбикесі Сағатова.Ж.С. балабақшада аурушаң балалардың алдын алу және сауықтыру шаралары жүргізіліп жатқан жұмыстармен таныстырып өтті.Ол ай сайын тәрбиеленушілердің науқастануы бойынша талдау жасап отыратынын айтты.Сонымен қатар күнделікті дәрумендермен, анемияға қарсы дәрілермен, фитошәймен, бал қосылған сүтпен, қыс мезгілінде сарымсақтан тұмар тағып балаларға, жатын орындарына тұмаудың алдын алу үшін сарымсақ пен пияздан тұймелер ілетінін, оксалина жақпамайын жағатынын айтып түсіндіріп өтті.Ата-аналарға алдын алу шаралар бойынша түсіндіру жұмыстарының жүргізілетінін атап айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз пікірлерін білдірді.

Ата- ана комитетінің төрайымы Т.Майланова балабақшадағы астың өз деңгейінде дайындалатынын азық- түліктің дұрыс сақталуына мән берілетіні көңілге қонымды екенін және тамақтандыру бойынша жұмысына қанағаттанатынын жеткізді.

Қамқоршылық кеңес мүшесі Сағатова.Ж.С. мейірбике жұмысының дұрыс жолға қойылып, аурушандықтың алдын- алу бойынша жұмыстарға үлкен мән берілетінін, бұз өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретінін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

- 1.Балабақшада тамақтануды ұйымдастыру жұмыстары өз деңгейінде деп есептелінсін.
- 2.Балабақша тәрбиеленушілердің аурушандығын алдын алу және сауықтыру шаралары жеткілікті деңгейде ұйымдастырылған деп есептелінсін.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы:

Хатшы:



Шаймакова.С.Н

Жолбаева.Г.Е

№1 «Балдырған» бөбекжай- бақшасы» МКҚК- де өткізілген қамқоршылық кеңес
отырысы



№2 «Балдырған» бөбекжай- бақшасы» МКҚК- де өткізілген қамқоршылық кеңес отырысы



№ 4 Хаттамасы

Өткізілген уақыты: 18.05.2026 жыл

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен таныстыру.
2. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі іс-шараларды бірлесе өткізуді жоспарлау.
3. Қамқоршылық кеңестің атқарған жұмыстары жайлы есебі.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша: Балабақша меңгерушісі жазғы сауықтыру кезеңінде тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайтуға бағытталған шынықтыру шараларымен таныстырды. Атап айтқанда, таңғы жаттығулар, таза ауадағы серуендер, күн, ауа және су процедуралары, қимылды ойындар, спорттық эстафеталар мен денсаулық күндерінің ұйымдастырылуы туралы баяндады. Сонымен қатар, балалардың қауіпсіздігін сақтау, күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру және жаз мезгіліндегі санитарлық талаптарды сақтау жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Жазғы кезеңде балалардың дене белсенділігін арттыру мақсатында ұлттық ойындар, көңілді старттар, су ойындары және табиғат аясындағы танымдық серуендер өткізілетіні айтылды.

Екінші мәселе бойынша: Қамқоршылық кеңес мүшелері жазғы сауықтыру мезгіліндегі іс-шараларды бірлесе өткізу жоспарын талқылады. Кеңес мүшелері ата-аналардың қатысуымен өтетін спорттық сайыстар, «Таза бейсенбі» экологиялық акциялары, отбасылық көңілді старттар, табиғатты қорғау бағытындағы шаралар және мерекелік бағдарламаларды ұйымдастыру бойынша ұсыныстарын білдірді. Сонымен қатар, жазғы кезеңде балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, қауіпсіз орта қалыптастыру және ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту мәселелері қарастырылды. Кеңес мүшелері жоспарланған іс-шараларға белсенді атсалысуға дайын екендіктерін жеткізді.

Үшінші мәселе бойынша: Қамқоршылық кеңестің хатшысы кеңестің 2025–2026 оқу жылында атқарған жұмыстары жайлы есеп берді. Есеп барысында балабақшаға көрсетілген қолдау жұмыстары, өткізілген қайырымдылық және тәрбиелік шаралар, ата-аналармен жүргізілген жұмыстар, балалардың қауіпсіздігі мен жайлы орта қалыптастыру бағытындағы атқарылған жұмыстар атап өтілді.

Сонымен қатар, қамқоршылық кеңестің балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайтуға, тәрбиеленушілердің сапалы білім мен тәрбие алуына қосқан үлесі жөнінде айтылды. Кеңес мүшелері атқарылған жұмыстарға оң бағаларын беріп, алдағы уақытта да бірлесе жұмыс жүргізуге келісті.

Шешім:

1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шаралары қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Жазғы сауықтыру кезеңінде өткізілетін іс-шаралар жоспары бекітілсін.
3. Балалардың денсаулығын нығайту және қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар тұрақты бақылауда ұсталсын.
4. Қамқоршылық кеңестің 2025–2026 оқу жылында атқарған жұмыстарының есебі қанағаттанарлық деп танылсын.
5. Қамқоршылық кеңес мүшелері жазғы сауықтыру шараларына белсенді қатысып, ұйымдастыру жұмыстарына қолдау көрсетсін.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы:

Шаймакова С.Н

Хатшы:

Жолбаева Г.Е

